



**Серік НЕГИМОВ,**  
филология ғылымының докторы, профессор:

# ҚАЙТЫС БОЛАРЫНДА ШОҚАННЫҢ ЖАНЫНА ЖАТПАҚ ОЙМЕН «МЕНІ АЛТЫНЕМЕЛГЕ ЖЕРЛЕҢДЕР» ДЕГЕН ЕДІ

– Серік аға, кезінде Әлкей Марғұланның жанында жүріп, ғибратты әңгімесін, ақыл-кеңесін тыңдаған екенсіз. Академикті алғаш көрген кезіңіз есіңізде ме? Қандай адамдық қасиеттері жадыңызда ерекше сақталып қалды?

– 1968 жылдың ақпан айы болуы керек, бір газеттегі Қазақ КСР академиктерінің жиыны өтетіндігі жөнінде хабарландыруға көзім түсті. Қатты қызығушылық танытып, Ғылым академиясына мен де бардым. Әлекеңді алғаш сол жолы көрдім. Ірі тұлғалы, ұзын бойлы, кең иықты, таудай кісі екен. Басқа да біраз ғалымдар мен академиктерді көзіммен көрдім. Солардың арасында Олжас Сүлейменовтің самырсындай сымбатты, жап-жас кезі. Бір уақытта Әлекең Олжасқа бақайынан бастап төбесіне дейін сүйсіне, көзі тоя қарап шықты. Бұл Әлекең адамның сұлулығын ерекше бағалайтындығын білдіреді деп ойлаймын. Сосын Әлекең керемет психолог болатын. Ол кісіге келіп, сәлем берушілер де, батасын алушылар да көп еді. Бірде ғалымның жанына бір бейтаныс

жігіт келіп, «Ассалаумағалейкум!» деп амандасты. Әлекең «Әліксалам» деп жауап қатты. Жаңағы жігіт кетіп қалғаннан кейін маған «Мына жігіттің көзі жаман екен. Сақ бол! Екіжүзділеу көрінді» деп ескерту жасады. Адамды бір көргеннен танытын қасиетінің барына кейін көзім талай жетті. Ұмытпасам, 1976 жылы жазушы Жайық Бектұровтың ұлы Жәнібек Ғылым академиясында кандидаттық диссертация қорғады. Қорғау аяқталғаннан кейін Әлекең мені жанына шақырып алып: «Серік шырақ, сен ана баланы танысың ба? Адам болатын бала екен. Осы баламен дос бол», – деп ағалық қамқорлығын білдірген.

– Ғұлама ғалым нені армандаушы еді?

– Әлекең Парижде, Эрмитажға барғысы келетін. Маған «сені бірге ала кетемін» дейтін. Сосын Ұлытаудың басына шығуды армандайтын. Өмірінің соңғы жылдарында «Шіркін, Ұлытаудың басына бір шықсам» дегенді жиі айтып жүрді. Ғалымның мұны армандауының сыры сол – Ұлытаудың басында қасиет бар екен. 2005 жылы өзім шыққанда соған көзім жетті. Ұлытауда қара тасты жарып өсіп шыққан жусан көп. Таудың басына шыққанда мәңгілік жусанның

иісі бұрқырап тұрғанын сезінесің. Оны ешқандай дауыл да, жауын да бәсеңсіте алмайды. «Әлекең жусанның хош иісін сағынған екен ғой» деп ойлаймын бүгінде.

– Ғалымның біз білмейтін қандай ерекше әдет-дағдылары бар еді?

– Әлекең күні бойы жұмыс істеп, кешке қарай сыртқа үзіліске шығатын. Қыстыгүні сағат түскі үштердің кезінде шығады. Дәл сол уақытта мен де үйіне бара қаламын. Қолына таяқ ұстаған Әлекең екеуіміз далаға серуенге шығамыз. Солай жаяулап үш-төрт сағат жүретін кездеріміз де болған. Бір күні Әлекең аса сақтықпен жан-жағына қарап алды да: «Олар ақталады», – деді. Қуғын-сүргін құрбандарын меңзегені. Сосын: «Мағжанның жазуы сұлу еді. Сен Мағжанның қолжазбаларын қарашы, академияда болуы керек», – дейтін. Өкінішке қарай, іздеп таба алмадым.

– Әлкей Марғұлан ғылымның қай саласына ерекше еңбек сіңірді?

– Ол кісінің қазақтың эпикалық жырлары туралы жазған докторлық диссертациясы ерекше маңызға ие. Өзі: «Мен Мәскеудің кітапханасына барғанда Орта Азияның ғалымдары үнемі менің диссертациямды

көшіріп отыратын. Мен келген кезде көшіріп отырғандарын жаба қоятын», – деуші еді. Әлекең – тумысынан фольклортанушы, әдебиет тарихшысы, эпос зерттеушісі. 1937 жылғы қуғын-сүргінге кезінде Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов сынды Алаш қайраткерлерінің ортасында Әлекең де оттай лаулап жүрді. Алайда қиын күндерді басынан кешкеннен кейін дереу археологияға ауысып кетті. Фольклор, әдебиет деген – тұнып тұрған саясат, ал археология – таза ғылым. Онда ешқандай саясат жоқ, ежелгі қалалар, ескерткіштер, тастар мен жазулар ғана бар. Сосын Әлекеңнің Қорқыт туралы жазған қолжазбасының өзі 500 беттің үстінде болатын. Оған пайдаланған әдебиеттер тізімі екі мыңның шамасында. Бір байқағаным – Әлекең жазғандарын жарыққа шығаруға ешуақытта асықпайтын. Ғалымның екі папкасында – Мұхтар Әуезов туралы мәліметтер, тағы бір екі папкада – Қаныш Сәтбаев, бір папкада – Жаяу Мұса, енді бірінде Олжабай батыр туралы жинақтаған деректері болатын. Жаңа материалдар таптап, соларға шетінен қосып отыратын. Сондай-ақ Әлекеңде сирек фотосуреттерден алты шабадан



сурет болды. Қазір оның қайда екенін білмеймін. Білсеңіз, Ақан серінің фотосуретін тапқан да – Әлкей Марғұлан. Мәлік Ғабдуллиннің: «Біз Мәскеуге барсақ, мейрамханаға баратынбыз. Ал Мәскеуге Марғұлан барса, мұрағатқа сүңгіп кетеді. Көптің секілді, сол жерден шықпайды», – деген сөзі бар-тын. Яғни, көптің секілді жерді тынымсыз ұңғи беретіні секілді, Әлкей де зерттеуден жалықпайтын. Еңбекқорлығы мықты еді. Ғалымның сондай ізденістерінің нәтижесі – 1979 жылы Беғазы-Дәндібай мәдениетіне арналған кітабы жарық көрді. 1980 жылы сол кітапты ағылшын ғалымдары сұратты, тіпті осы кітап жөнінде жазған пікірлері де бар. Әлкейнің қазақ қолөнеріне қосқан үлесі де зор. Ол – қазақтың ою-өрнегін зерттеуші.

– Ғалымның жеке мұрағатында фотосуреттердің көп болғанын айттыңыз. Ол кісінің өзі де фотоға түсірумен айналысушы ма еді?  
– Өзім нақты көзіммен көрмесем де, түсірді-ау деп ойлаймын. Өйткені мойнына фотоапарат іліп түскен бір фотосуретін көргенмін. Со-сын Әлкей Марғұланның керемет билей білгенін біреу білсе, біреу біле бермейді. Музыка үні естілген бойда ғалым ағамыз орнынан тұрып билей жөнелетін.

– Қандай билерді билегені есіңізде?  
– «Қамажай» биін билегенін өз көзіммен көрдім. Жалпы, сол заманның зиялыларының барлығы биді жақсы билейтін.

– Ал домбыра тартып, ән айтатын өнері бар ма еді?  
– Қоңыр дауысы бола-тын. Ән айтқанын көзіммен көрмесем де, айтқан болуы керек деп шамалаймын. Мына бір оқиға есіме түсіп отыр. 1975 жылы Мәлік Ғабдуллиннің 60 жылдығын тойладық. Батырдың өмірдегі, өнердегі достарының барлығы жиналды. Баукең буырқанған мінезді адам ғой. Бір топ адамның үстіне кіріп келген батыр «Встагы!» деп ақырды. Әлкей орнынан атып тұрды. Баукең «Садись!» дегенде ғана отырды. Сонда таудай тұлғалардың бірін-бірі ерекше сыйлайтындықтарына тәнті болғанмын.

– Ғалым өзі зерттеген тақырыптарының ішінен кімді немесе нені жиі әңгімелеуші еді?  
– Қорқытты қатты жақсы көрді. Әлкейнің Қорқыт туралы әңгімелері тыңдаушыға ғажап әсер қалдыратын. Образға еніп, тебіреніп кетуші еді. «Жапырағы құраған бәйтеректі көрсе, «апырым-ай, өлім келіп қалыпты ғой» деп, аспаннан торғай құлап түссе де, «өлім келіп қалды ма екен...» деп қорқынышпен өмір кешіпті», – деп әңгімеленгенде, еріксіз тәнті болатынбыз. Сонымен бірге, ғалым түркі дүниесіндегі деректерді де кеңінен зерттеді. Аттила жөніндегі пікірі жоғары бола-тын. «Аттила қайтыс болғанда сыбызғы, сырнаймен жоқтау айтылған» дегенді айтып отыратын. Қазіргі Алакөл өңірінде шаһар болғаны жөніндегі деректі де Әлкейнен естідім.

– Шоқантануға қосқан үлесінің аса зор екенін білеміз. Сәбит Мұқанов «Аққан жұлдызын» Әлкейге сүйеніп жазды ма?  
– С.Мұқановтың «Аққан жұлдызы» – өзінше кесек туынды. Ал Әлкей Хақанұлының XX ғасырда Ш.Уәлихановтың бес томдығын жариялауы – ғалымның ең бір жемісті жылдары деуге болады. Марғұлан болмағанда, Ш.Уәлихановтың бес томдығы ғылыми тұрғыда дайындалмас та еді. Өзі Шоқанды қатты жақсы көретін, аузынан тастамайтын. Қайтыс боларында, Шоқанның жанында жатпақ оймен «Мені Алтынмелге жерлеңдер» деген еді. Сосын «Шоқанның көп еңбектері «Русский инвалид» деген орыс журналында жарияланған. Ол журналды 1817-1917 жылдар аралығында Батыс Сібір губернаторлығы шығарған. Онда әңгімелер, очерктер жарияланған. Қазіргі күні соған бірде-бір тарихшы мән бермей отыр. Деректің бәрі сонда тұр», – деп үнемі айтып отыратын. Жалпы, қай заман болсын, Марғұланның Шоқан мұраларын жинаудағы еңбегі тарихта алтын әріппен жазылып қалары хақ.

– Әлкей Марғұланды «қазақ археологиясының атасы» деп атауымыздың себебі неде?  
– Археология саласында іргелі еңбектер жазып қалдырған да – Әлкей Марғұлан. Әлкей – қазақ археологиясын зерттеуші ғана емес, Қазақстан археологиясын әлемге танытушы ғалым да. Әлкей Хақанұлын дүниежүзінің археологтары жақсы таниды. Ол кісі Бетпақдаладағы таңбалы тастар жөнінде де жазды. Өкінішке қарай, ол тастарды зерттеу Марғұланнан кейін тоқтап қалды. Бүгінде тастар мүжіліп те қалған болар.

– Академиктің ұстазы мен шәкірттері кімдер еді?  
– Академик Бартольдты «ұстазым» деп мақтан тұтып отырушы еді. Бартольд шәкірттеріне әр шығарманы өзінің жазылған тілінде оқытқан екен. Соның жемісі ме екен, Әлкейнің ағылшын, неміс, француз тілдерінен хабары болды. Негізі, М.Әуезовтің де Әлкейнің де көп шәкірті бола қойған жоқ. Оның себебі, ол кісілер терең зерттеулер жасап, ғылыми мақалалар жаза білмегендерді шәкірт қып алмайды екен. Нағыз ғылымға берілген адамдар ғой. Менің білуімше, тарихшылар Халел Арғынбаев, Самат Өтениязовтар – Әлкейнің шәкірттері.

– Әзіл сөзге қалай еді?  
– Әзіл сөзін қайдам, тауып айтатын кездері болып тұратын. Бірде Әлкей мінбеде сөйлеп тұрған ғой. Шамасы, диссертация қорғау кезі болса керек. Біреу қалжыңдап: «Әлкей, сіз оқыған жоқсыз ғой», – десе, ғалым: «Оқымасам да, білгеннен кейін айтып тұрмын ғой», – деп жауап берген екен. Мен көрген уақыт – Әлкейнің ақсақалдық кезі. Мүмкін, өз қатарластарының арасында айтатын бірқақпайлары болған шығар. Есімде қалғаны – біреудің өмірден өткенін естігенде, үн-түнсіз отырып қалатын. Өлім дегеннен зәресі ұшатын.

– Жұртты мақтауға қалай еді?  
– Ондайға жоқ болатын.

– Өткен нөмірлерімізден байқасаңыз, біздің журнал тұлғалардың жетістіктерімен қатар кемшіліктерін де жазады. Әлкей Марғұланның қандай да бір пендешіліктерін қырларын көрген кезіңіз болды ма?  
– Әлкей ешқашан лауазымды қызметте отырған адам емес. Мен ол кісіні пендешілікпен ада, ғылымның соңында ғана жүрген періште көңіл ғұлама деп білемін. Әлкей 70 жасқа келгенінде академияның тәртібі бойынша бөлім меңгерушілігіне тағайындалды. Ал бөлім меңгерушісінің қарамағында ары кетсе он шақты адам ғана болады. Сосын Әлкей ешқашан артық сөз айтпайтын. Әр сөзін байлап сөйлейтін. Ол кісінің бойында біреуге өкпе, реніш айту деген де жоқ болатын.

Темекі тартқан емес. Ішімдік ішкен кезін көрмегеніммен, қызыл шарапты ұнатқан деп естимін. Бірде құлынның етін аңсағаны есімде.

– Мұхтар Әуезовтің бірнеше әйелі болғанын, қыздарға жақын болғанын білеміз. Әлкей қыз-келіншек атаулыға қалай қарайтын?  
– Семейде мұғалімдер семинариясында оқып жүрген кезі болса керек, Мұхтар Әуезов бір прокурордың Маша деген қызына ғашық болыпты. Ол туралы Әлкей: «Маша мен Мұхтардың бір-біріне ғашықтығы ерекше болатын. Негізі, екеуі үйленуі керек еді, бірақ неге үйленбей қалғандары маған беймәлім. Бірде Машаның көріп қалдым да, құшақтап, сүйіп-сүйіп алдым», – деген еді. Мұнысын әдемілікке құштарлығы деп бағалаймын. Ал 1974 жылы тарих институтында Әлкейнің 70 жылдық мерейтойына орай конференция өтіп жатқан. Бағдат Әбішева деген апай Әлкейді құттықтап сөз сөйледі. Сонда Әлкей апайды құшақтап, жібермей, қадалып сүйетін бар. Жұрттың бәрі рақаттана күліп, мәз болған. Осыдан өзге қыздарға құмарлығы жайында естіген емеспін.

Сұхбаттасқан  
Марфуға ШАПИЯН